

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 тамыз N 1184

Металлургия өндірісінде қара металдың сынықтары мен қалдықтарын пайдаланатын отандық кәсіпорындарды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қайталама қара және түсті металдар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурызындағы N 383 P000383_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 148-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Түсті субъектісіне және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметті лицензиялау ережесінде:

3 тарау мынадай мазмұндағы 20-1, 20-2 тармақтармен толықтырылсын:

"20-1. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға (қолданылған рельстерді, темір жол төсеніштері мен жылжымалы құрамның элементтерін қоспағанда) түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сатуға осы қалдықтарды кейін металлургиялық өндірісі бар Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына тапсыруға лицензия беру оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады.

20-2. Шағын кәсіпкерлік субъектісі оңайлатылған тәртіппен лицензия алу үшін өтініш беруші Лицензиарға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) өтініш берушінің шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататындығы туралы мәлімет (жарғының, мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәліктің, статистикалық картаның, салық төлеушінің тіркелген нөмірінің көшірмелері);
- 3) білікті қызметшілер мен өндірістік базаның (тиеу техникасы,

автокөлік) бар-жоғы туралы қысқаша мәлімет;

4) Лицензиар бекіткен үлгілік нұсқаулықтың негізінде әзірленген түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі нұсқаулық;

5) лицензиялық алымды төлегендігін растайтын құжат."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Орынбекова Д.Қ.

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК